

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары Дүние Ж.К.Нуржанова
«22» қыркүйек 2023 жыл

«Бекітемін»

Сапақкөл орта мектебі КММ директоры
Е.А.Тургангазин
«22» қыркүйек 2023 жыл



**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 6-сыныптың тәрбие жоспары**

Сынып жетекші: Ж.Б.Еркінова

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- 1қыркүйек-Білімкүні, сынып сағаттары
- 5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын,ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1қыркүйек-білім күні «Менің туған өлкем»	Салтанатты жиын,сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, «еңбексүйгіштік және «Отаншылдық»	04.09.23
2	«Үй жануарларына адамгершілікпен қарау»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.09.
3	Жолда жүру ережесі	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.09
4	«Наша қорлық ғасыр дерті»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.09

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,ғұлама ғалымМәшіһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына165жыл
- Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композиторШәкәрім Құдайбердіұлының туғанына165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына130жыл

- Қазақ халқының XXғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Қызылшаның таралу жолдары	Сынып сағаты	«Білімге ұмтылу, Еңбек-сүйгіштік, Отаншылдық»,	02.10
2.	«Вейпісіз әлем»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	09.10
3.	«Қауіпсіз интернет»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	16.10
4.	«Менің Республикам»	Сынып сағаты Эссе жазу	Сынып сағатының жоспары,	23.10

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Ұлы дала перзентімін»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.11
2.	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.11

3.	<i>Сұлтан Бейбарысқа-800жыл</i>	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.11
4.	«Ұшқыр ой мен шешен тіл»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	27.11

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ *16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Кітап-біздің досымыз»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.12
2.	«Тәуелсіздік-тұғырым»	Кездесу	Сынып сағатының жоспары,	11.12
3.	«Қош келдің, жаңа жыл!»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары,	25.12

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Қыс мезгілінің қауіпсіздік ережелері	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.01
2.	Сынып сағаты	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.01
3	«Достық қымбат өмірде»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.01
4	«1001 мақал, 101 жұмбақ»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.01

АҚПАҢ–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Қалдық заттарға екінші өмір сыйлау	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	05.02
2	Буллинг деген не	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	12.02

3	Әдептілік тәрбие бастауы	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	19.02
4	Ризашылық пен алғыс	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	26.02.

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Ана өмірдің гүлі	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.03
2.	Ғаламтордың пайдасы мен зияны	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.03
3	Қош келдің өз-Наурыз!	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.03

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір – Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуы нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Табиғат әдемілік әлемі	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	01.04
2.	«Байқоңыр-ғарыш айлағы»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.04
3.	«Қаныш Сәтбаев-125жыл»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.04
4.	Дін – тәрбие дінгегі	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.04
5.	Бірлігіміз жарасқан	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.04

МАМЫР– БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні

- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Отан үшін от кешкендер	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.05
2.	Дені саудың жаны сау	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.05
3.	Білімім Отаным	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.05

ЕСКЕРТУ

Төменде қосымша сынып сағаттарының тақырыптары берілген, жоспарға тақырыптарды өздеріңіз тандап, өзгертуге болады. 34 сағатты шығарып аласыздар.

Бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органдарды да төменде үлгілері берілді, өздеріңіз тақырыпқа сай таңдайсыздар. Әр айдың жоғары жағында атаулы даталар берілген, соларды да жас ерекшеліктеріне қарай қосасыздар.

Жоспардың астында әр айда сыныптан тыс-іс шаралар және ата-аналармен жұмыстар берілген. Сыныптан тыс іс-шараны айына бір немесе екі рет, ал ата-аналармен жұмыс әр айда бір рет өткізілуі тиіс.

Қосымша сынып сағаттары

- «Ар-ұят және адамгершілік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікте өмірдегі адалдық»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әректтегі мейірімділік»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғамдық игілікке қызмет ету»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»

Бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар

Ақтөбе облысы білім басқармасы, Ақтөбе қаласының білім бөлімі

Мектеп инспекторы, Мәдениет қызметкерлері, Мектеп психологы, Мәдени-демалыс орындары т.с.с....
Облыстық аналар мектебі, Құқық қорғау қызметкерлері,

Ата-аналар мектебінің мүшелері, Өлкетану мұражайы, Тарихи ескерткіштер.